15.06.2020-ғы № 21-9/2165 дз шығыс хаты
16.06.2020-ғы № 2716//21-9/2165дз/ДС-94 кіріс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ

ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
(тізім бойынша)

2020 жылғы 14 мамырдағы
№ ДС-94

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай беру қағидаларына өзгерістер енгізу және «Алматы жастары 3.0» жаңа тұрғын үй бағдарламасына қолдау білдіру туралы депутаттық сауалдарыңыз бойынша келесіні хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы №27 қаулысымен бекітілген Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасының аясында жұмысшы жастар (жас мамандар) үшін жыл сайын Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында кемінде үш мың жалға берілетін пәтерлер салу көзделген.

Былтыр Нұр-Сұлтан қаласында – 1050 пәтер (6 304 өтініш); Алматы қаласында – 1 050 пәтер (1244 өтініш); Шымкент қаласында – 904 пәтер (1187 өтініш) берілді.

Бұдан басқа, Жастар жылы шеңберінде өңірлерде «Нұрлы жер» бағдарламасы және өңірлік тұрғын үй бағдарламасымен жастарға Ақтөбе облысында 940 пәтер, Атырау облысында 100 пәтер, Ақмола облысында 339 пәтер, Қызылорда облысында 103 пәтер, Қарағандыда 133 пәтер, Жамбыл облысында 93 пәтер, Қостанай облысында 618 пәтер ұсынылды.

Сонымен, жалпы Жастар жылы аясында республика бойынша жастарға 5326 пәтер берілді.

Аталған бастаманы орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығымен Жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай беру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) бекітілді.

14.07.2020 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.

Қазіргі уақытта 2019 жылғы тәжірибені және Сіздердің ұсыныстарыңызды ескере отырып, Қағидаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша бұйрық жобасы әзірленіп, мемлекеттік органдармен келісілуде.

Қағидаға өтініш берушінің ай сайынғы табысының көлемін кемінде 40 айлық есептік көрсеткіштен 30 айлық есептік көрсеткішке дейін төмендету, 100 сұранысқа ие мамандық тізбесінен бөлек денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт, ғылым мен журналистика салаларында кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар жас мамандарды қосу, сондай-ақ уәкілетті органның өтініштерді қарау және балдарды есептеу уақыттарын ұзарту сияқты бірқатар өзгерістер енгізу көзделуде.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар жобасы әзірленуде. Аталған жобаның аясында «Алматы жастары 3.0» тұрғын үй бағдарламасы тәжірибесін республиканың басқа да облыстарына тарату және қолдану мәселесі пысықталады.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдарға бұл тәжірибені қолдану жөнінде ұсынымдар беріледі.

Жалпы, мемлекеттік жастар саясатын дамыту және жетілдіру, жастарды қолдау бойынша жағдайлар жасау мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов

Орындаған: Ж. Имақова
Тел.: 75-00-37